

## Ақтөбе облысы жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруының шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын айқындау туралы

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 149 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 сәуірде № 6966 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 73 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 10.03.2021 № 73 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 "Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" және 2020 жылғы 16 наурыздағы № 287 "Экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" Жарлықтарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 126 "Экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 287 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберуі үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруының мынадай шарттары, көлемі және нысаналы мақсаты айқындалсын:

1) шарттар:

мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жылы – 2020 жыл;

бағалы қағаздар түрі - төтенше жағдайдың қолданылуы кезеңінде айқындалған жұмыспен қамтудың жол картасының іс-шараларын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберуге арналған облыстың жергілікті атқарушы органдары шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар;

2) көлемі - 33 390 000 000 (отыз үш миллиард үш жүз тоқсан миллион) теңгеден аспайды;

3) нысаналы мақсаты – төтенше жағдайдың қолданылуы кезеңінде айқындалған жұмыспен қамтудың жол картасының іс-шараларын қаржыландыру

2. "Ақтөбе облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
  - 3) мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*O. Уразалин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК